



**7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы
бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**


| | | |
|---|---|--|
| ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Медико-профилактикалық іс» ғылыми комитеті | | 59-27а-2026 |
| 7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы | | 6 беттің 2 беті |

Түсу емтиханының бағдарламасы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы негізінде жасалды

Қабылдау емтиханының бағдарламасы «Медико-профилактикалық іс» жөніндегі ғылыми комитеттің отырысында талқыланды

«06» 02 2026 ж., № хаттама 4

«Медико-профилактикалық іс»
ғылыми комитетінің төрағасы



П.Д. Утепов

«Медико-профилактикалық іс»
ғылыми комитеттің хатшысы



Д.С. Алиев

«ОҚМА» АҚ Ғылымдық кеңесімен бекітілген

№ 4 хаттама «24» 04 2026 ж.

| | | |
|--|--|--|
| O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Медико-профилактикалық іс» ғылыми комитеті | | 59-27а-2026 |
| 7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы | | 6 беттің 3 беті |

Кіріспе

7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарлама бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханының мақсаты ғылым, білім және денсаулық сақтау жүйесінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін кәсіби және ғылыми құзыреттері мен практикалық және ғылыми қызметте іске асыру дағдылары бар бәсекеге қабілетті, құзыретті ғылыми және педагогикалық кадрларды даярлау болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру жағдайында қазіргі заманғы ғылымның жетістіктері негізінде медициналық ұйымдардың қызметін басқару білімдері мен дағдаларын игеру қажеттілігі туындады, клиникалық тәлімгерлік енгізілуде және дамуда. Жоғары білікті дәрігердің алдына тек кәсіби қасиеттерді меңгерудің ғана емес, сондай-ақ қызметті талдау, мониторинг, бақылау жүргізу, білімді жас мамандар мен білім алушыларға берудің де талаптары қойылады, практиканы, ғылым мен білімді интерграциялау мәселелері өзектендіріледі.

1. Түсу емтиханының мақсаты: Магистратура бағдарламасын меңгеру үшін абитуриенттің теориялық дайындық деңгейі мен практикалық әзірлігін объективті бағалау, сондай-ақ «Медициналық-профилактикалық іс» саласында өз бетінше ғылыми-зерттеу және кәсіби қызмет жүргізу әлеуетін анықтау.

2. Түсу емтиханының міндеттері:

- Фундаменталды білімді бағалау: Гигиена, эпидемиология және қоғамдық денсаулық сақтау негіздерін түсіну тереңдігін тексеру.
- Талдау қабілеттерін анықтау: Қоршаған орта факторларын халықтың денсаулық жағдайымен салыстыра білу және статистикалық деректерді интерпретациялау қабілетін анықтау.
- Ғылыми жұмысқа дайындықты бағалау: Ғылыми зерттеу әдіснамасын меңгеруін және заманауи ғылыми ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау қабілетін тексеру.
- Кәсіби мотивацияны анықтау: Абитуриенттің Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы жүйесін дамытудың өзекті мәселелері мен перспективаларын түсінуін бағалау.
- Кәсіби мотивацияны анықтау: ҚР санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы жүйесінің өзекті мәселелері мен даму перспективаларын түсінуін бағалау.

| | | |
|--|--|--|
| O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Медико-профилактикалық іс» ғылыми комитеті | | 59-27а-2026 |
| 7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы | | 6 беттің 4 беті |

3. Түсу емтиханына арналған сұрақтар:

7М10105 «Медико-профилактикалық іс» ББ

1. Атмосфералық ауа қоршаған орта факторы ретінде. Атмосфералық ауаның физикалық және химиялық көрсеткіштері, оларды анықтау әдістері және халық денсаулығына әсері. Атмосфералық ауаны ластаудың негізгі көздері.

2. Ауыз су сапасына қойылатын гигиеналық талаптар. Судың органолептикалық, химиялық және микробиологиялық көрсеткіштері. Су сапасын зертханалық бақылау әдістері.

3. Топырақты гигиеналық бағалау. Жұқпалы және паразиттік аурулардың таралуындағы топырақтың рөлі. Топырақты санитарлық зерттеу әдістері.

4. Тұрғын үй-жайлар гигиенасы. Тұрғын үй-жайлардың микроклиматы, оның негізгі көрсеткіштері (температура, ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы) және олардың адам денсаулығына әсері.

5. Тамақ өнімдеріне санитарлық-гигиеналық сараптама жүргізу. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалаудың негізгі әдістері.

6. Тамақтан улану. Жіктелуі, пайда болу себептері, эпидемиологиясы және алдын алу шаралары.

7. Тамақ өнімдерінің сапасын зертханалық бақылау әдістері. Микробиологиялық, химиялық және токсикологиялық зерттеу әдістері.

8. Зиянды өндірістік факторлардың (шу, діріл, шаң, химиялық заттар) адам ағзасына әсері және оларды гигиеналық бағалау әдістері.

9. Еңбек жағдайларының гигиеналық жіктелуі. Кәсіптік ауруларды бағалау және алдын алу әдістері.

10. Цифрлық ортадағы және жұмыспен қамтудың жаңа нысандары кезіндегі еңбек гигиенасы. Кәсіби жанудың және техногендік тәуекелдердің алдын алу.

11. Эпидемиялық процесс. Оның құрылымы, негізгі буындары және жұқпалы аурулардың таралуына әсер ететін факторлар.

12. Эпидемиологиялық қадағалау. Ұйымдастыру, кезеңдері және эпидемиологиялық жағдайды талдау әдістері.

13. Жұқпалы аурулар ошақтарында індетке қарсы іс-шараларды ұйымдастыру.

14. Медициналық көмек көрсетумен байланысты инфекциялардың алдын алу. Медициналық ұйымдарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар.

15. Қазақстан Республикасында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жүйесі. Құрылымы, функциялары мен міндеттері.

| | | |
|--|--|--|
| O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Медико-профилактикалық іс» ғылыми комитеті | | 59-27а-2026 |
| 7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы | | 6 беттің 5 беті |

16. Қазақстан Республикасындағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылаудың заңнамалық және нормативтік негіздері.

17. Қоршаған орта факторларының жұқпалы емес аурулардың дамуына әсері. Халық денсаулығына төнетін тәуекелді бағалау әдістері.

18. Иммундық профилактика: құқықтық аспектілер, «суық тізбегі» және вакцинация тиімділігін бағалау.

19. Әлеуметтік-гигиеналық мониторинг. Халықтың денсаулық жағдайын талдаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері.

20. Медициналық-профилактикалық істегі ғылыми зерттеу әдістері. Зерттеу түрлері (сипаттамалық, талдамалық, эксперименттік).

21. Медициналық-гигиеналық зерттеулердегі статистикалық әдістер. Негізгі көрсеткіштер, деректерді талдау және интерпретациялау.

22. Медициналық-профилактикалық істегі заманауи ғылыми бағыттар мен инновациялық технологиялар (экологиялық медицина, тәуекелге бағытталған тәсіл, зертханалық мониторинг).

23. Ғылыми зерттеулер этикасы: ақпараттандырылған келісім, жергілікті этикалық комиссиялардың жұмысы және академиялық адалдық принциптері.

24. Профилактикалық денсаулық сақтаудағы дәлелді медицина. Дәлелдер иерархиясы ұғымы. Жүйелі шолулар мен мета-талдаулар негізінде клиникалық хаттамалар мен санитарлық қағидаларды әзірлеу әдіснамасы.

25. Биоқауіпсіздікке төнетін жаһандық қатерлер және «Біртұтас денсаулық» (One Health) тұжырымдамасы. Антибиотикке төзімділікпен және жаңадан пайда болатын зооноздық инфекциялармен күрестегі ведомствоаралық өзара іс-қимыл. Халықаралық медициналық-санитарлық қағидалардың рөлі.

4. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі:

1. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (2025–2026 жж. өзгерістер мен толықтырулармен).

2. Большаков А. М. Жалпы гигиена: оқулық. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.

3. Гигиена: оқулық / П. И. Мельниченконың ред. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014. – 656 б.

4. Жақсыбаева Ж. Б. Ауа гигиенасы: оқу құралы. – Шымкент: ОҚМА, 2014. – 55 б.

5. Кирпиченкова Е. В. Коммуналдық гигиена. Практикалық сабақтарға арналған нұсқаулық. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2023. – 328 б.

6. Жалпы гигиена, әлеуметтік-гигиеналық мониторинг. Практикалық сабақтарға арналған нұсқаулық / П. И. Мельниченко [және т.б.]. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2020. – 160 б.

| | | |
|--|---|--|
| O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ |  SKMA -1979- | SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия» |
| «Медико-профилактикалық іс» ғылыми комитеті | | 59-27а-2026 |
| 7М10105 «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша бейінді магистратураға түсу емтиханы | | 6 беттің 6 беті |

7. Измеров Н. Ф. Еңбек гигиенасы: оқулық. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2016.
 Бухтияров И. В. Еңбек гигиенасы бойынша нұсқаулық. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2022.

8. Халықаралық медициналық-санитарлық қағидалар (ХМСҚ, 2005 ж.). – ДДСҰ. Брико Н. И. Эпидемиология. Таңдамалы дәрістер. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2022.

9. Ерманова С. А. Эпидемиология: оқулық. – Қарағанды: АҚНҰР, 2016. – 296 б.

10. Дәлелді медицина негіздерімен жалпы эпидемиология: оқу құралы / В. И. Покровскийдің ред. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2015. – 448 б.

11. Дүйсенбаева П. Р. Балалардағы қызылша, қызамық, сушешек және скарлатина эпидемиологиясын, клиникасын, диагностикасын, емін, алдын алуды зерттеудің заманауи тәсілдері: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2014. – 140 б.

12. Алшынбаева Г. У. Эпидемиология негіздерімен инфекциялық аурулар: оқулық. – Астана: Ақнұр, 2014. – 364 б.

13. Эпидемиология. 2 томдық. 1-том: оқулық / Н. И. Брико. – М., 2013.

14. Эпидемиология. 2 томдық. 2-том: оқулық / Н. И. Брико. – М., 2013.

15. Ирсимбетова Н. А. Эпидемиология: оқулық. – Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2013.

16. Инфекциялық аурулар және эпидемиология: оқулық. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2013.

17. Ердесова Г. С. Эпидемиология: Оқулық. – Алматы: Эверо, 2019.

18. ҚР Үкіметінің «Егудің ұлттық күнтізбесін бекіту туралы» қаулысы.

19. Гринхальх Т. Дәлелді медицина негіздері: оқу құралы. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018.

20. Петров С. В. Биоэтика: оқулық. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2019.

21. Гланц С. Медициналық-биологиялық статистика. – М.: Практика, 1998.

Онлайн-ресурстар:

- adilet.zan.kz — ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

- ncph.kz (ҚР ДСМ Ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығы)

- [Cochrane Library \(cochranelibrary.com\)](http://CochraneLibrary.com)

- Darikz.kz — Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың мемлекеттік тізілімі